

ӘОЖ 81’37

ҒТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2026.2.81.027>

## ҚАРАТАУ ӨңІРІ ТОПОНИМДЕРІНІҢ СЕМИОТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

Тлеубердиев Б.М.<sup>1</sup>, \*Ағабеков О.М.<sup>2</sup>, Ибрагимов Ж.Б.<sup>3</sup>, Бияров Б.Н.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Мемлекеттік тілді дамыту институты

Алматы, Қазақстан

\*<sup>2</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

Шымкент, Қазақстан

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Түркістан, Қазақстан

<sup>4</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

Өскемен, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақала аймақтық топонимиканы зерттеуге және Қаратау өңірінің жер-су атауларының семиотикалық ерекшеліктерін анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында аймақтың географиялық атауларының қалыптасу негіздері, олардың табиғи орта, тарихи оқиғалар және халықтың дүниетанымымен байланысы талданады. Сондай-ақ топонимдердің этномәдени ақпаратты сақтаушы тілдік бірлік ретіндегі қызметі айқындалады. Зерттеу жұмысының мақсаты – Қаратау өңірі топонимдерінің семиотикалық табиғатын анықтау, олардың таңбалық жүйесін, мағыналық құрылымын ашу.

Зерттеудің негізгі идеясы – жер-су атауларын тек географиялық атаулар ретінде емес, тарихи-мәдени ақпарат пен ұлттық дүниетанымды бейнелейтін таңбалық жүйе ретінде қарастыру. Зерттеу аясында топонимдердің семиотикалық табиғаты табиғи-географиялық және этномәдени факторлармен байланыста айқындалады.

Ғылыми жаңалығы – Қаратау өңірі топонимдерін семиотикалық, тарихи-мәдени және танымдық тұрғыдан кешенді қарастыру арқылы олардың күрделі таңбалық табиғатын айқындап, қазақ топонимикасына жаңа зерттеу бағытын ұсыну.

Зерттеу барысында Қаратау өңірі топонимдерінің семиотикалық ерекшелігін анықтау мақсатында кешенді әдіснамалық тәсілдер қолданылды. Зерттеу барысында Қаратау өңірі топонимдерін жинақтау, жүйелеу, сипаттамалы әдістер, семантикалық және этимологиялық талдаулар қолданылды. Зерттеу нәтижесінде Қаратау өңірі топонимдерінің басым бөлігінің табиғи-географиялық ерекшеліктермен, этномәдени таныммен және тарихи оқиғалармен тығыз байланысты екені анықталды. Топонимдер арқылы өңір халқының дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігі, рухани құндылықтары мен тарихи жады көрініс табатыны айқындалды.

Зерттеу қорытындылары қазақ топонимикасының теориялық мәселелерін толықтыруға, тілдік деректерді жүйелеуге және семиотикалық талдаудың әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Зерттеудің практикалық маңызы алынған тұжырымдардың лингвистика, мәдениеттану, өлкетану салаларында, сондай-ақ жоғары оқу орындарында ономастика пәндерін оқыту барысында пайдаланылуымен анықталады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері өңірлік жер-су атауларын жүйелеу, топонимиялық сөздіктер мен картографиялық материалдар әзірлеу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау ісінде қолдануға болады.

**Тірек сөздер:** Қаратау өңірі, топоним, географиялық атау, семиотика, таңба, этномәдени ақпарат, дүниетаным, тарихи жады

### **Кіріспе**

Қазақ тіліндегі топонимиялық жүйе тарихи және географиялық факторлардың ықпалымен қалыптасқан, өзіндік ұлттық-мәдени ерекшеліктері бар тілдік кеңістік ретінде сипатталады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің топонимдік қорын ұлттық таным аясында зерделеу қазіргі лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистика салаларындағы өзекті ғылыми мәселелердің бірі. Ғылыми зерттеулерде топонимдер тек атауыштық қызмет атқаратын тілдік бірлік ретінде ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрін, тарихи жадысын сақтаушы когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады. Ғаламның тілдік бейнесі мен ұлттық болмысы әр этностың өмірлік тәжірибесі мен таным деңгейіне байланысты әрқилы қалыптасады. Тілдік таңбаның қызметі сыртқы болмысты бейнелеумен ғана шектелмей, адамның өмірден жинақтаған білімі мен тәжірибесін, рухани құндылықтарын да қамтиды. Осыған сәйкес әр халықтың тілдік бейнесі мен ұлттық рухани болмысы өзіндік сипатқа ие болады. Сондықтан өңірлік топонимдерді кешенді талдау ұлттық танымның ерекшеліктерін, мәдени кодтарды және кеңістікті бейнелеудің тілдік модельдерін айқындауға негіз болады.

Өңірлік топонимика – белгілі бір географиялық аймаққа тән жер-су атауларын зерттейтін ономастикалық сала. Бұл бағыт тек топонимдердің сөздік формасына назар аударып қана қоймай, олардың шығу тегін, семантикасын, тарихи-мәдени, этнолингвистикалық және когнитивтік мәнін жан-жақты қарастырады. Олар халықтың дүниетанымын, тарихи жадысын, салт-дәстүрін бейнелеп, кеңістікті қабылдау мен оның тілдік бейнесін қалыптастырады. Мысалы, Қаратау өңіріндегі топонимдік атаулар тек географиялық объектілерді білдіріп қана қоймай, тарихи, табиғи және мәдени ерекшеліктерді де сақтайды. Осы тұрғыдан алғанда, өңірлік топонимиканы зерттеу ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды тереңірек ашуға, топонимдік кеңістікті жан-жақты тануға, сондай-ақ тілдік және мәдени феномендерді кешенді түрде түсінуге ықпал етеді.

Топонимдердің семиотикалық жүйесі халықтың танымы мен мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты. Бұл жүйе белгілі бір аймаққа тән жер-су атауларының (топонимдердің) таңба ретіндегі қызметін, олардың мағыналық, мәдени, тарихи және когнитивтік қабаттарын зерттеуге бағытталған. Басқаша айтқанда, топонимдер тек географиялық атау ғана емес, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, мәдени кодтарын, тарихи жадысын және кеңістікті бейнелеу үлгілерін көрсететін семиотикалық бірліктер ретінде қарастырылады. Қазақтардың көшпелі мәдениеті сакралды кеңістікті игерудің өзіндік принциптерін қалыптастырған. Осы тұрғыдан қарағанда, Қаратау өңірі топонимдері тек географиялық атаулар ғана емес, сонымен қатар рухани, мәдени-тарихи ақпаратты сақтайтын семиотикалық жүйе болып саналады. Бұл топонимдер халықтың дүниетанымы, тарихи жадысы, салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарын бейнелеп, кеңістікті қабылдау мен оны тілде бейнелеудің ерекше үлгісін ұсынады.

Географиялық атаулар ұлттық менталитет пен ұлттық таным ерекшеліктерін көрсетеді. Ғалым Г. Мадиеваның тұжырымдауынша топонимдер бірнеше негізгі сипатқа ие. Топонимдердің пайда болуында әр халықтың географиялық атау жасауында тілдік жүйеге сай келетін белгілі бір заңдылық сақталады. Атау беруші топтың әлемге көзқарасы мен қоршаған ортаны қабылдауы топонимде көрініс табады. Адамның құндылықтарына сай ақпарат топонимде көрсетіледі. Топоним мазмұны тарихи, әлеуметтік, географиялық және басқа да экстралингвистикалық факторларға тәуелді болып келеді. Жер-су атаулары тілдің ұлттық-таңбаланушы белгілерін білдіреді. Антропонимдерден кейін ономастикалық кеңістіктің өзегін құрай отырып, адам санасындағы объектілерді және кеңістіктегі қозғалыстың бағыт-бағдарын бейнелейді. Ұлттық топонимиконның негізгі қорын ана тіліндегі атаулар құрайды, бірақ жүйе жаңа және кірме атаулар арқылы толықтырылады; топонимдер макрогонимдер (кеңінен танымал) және микрогонимдер (бір аймақ немесе ауыл көлемінде белгілі) болып бөлінеді [1, 36-67 бб.].

Т. Жанұзақтың «Жер-су атаулары» (этимологиялық анықтамалық) [2] еңбегі қазақ тіліндегі жер-су атауларының этимологиясын жүйелі түрде зерттеуге арналған маңызды ғылыми еңбек. Бұл зерттеу қазақ тілінің бай топонимиялық қорын ұлттық дүниетаныммен байланыстыра талдаудың маңыздылығын айқындайды. Сонымен қатар, ғалымның «Тарихи жер-су аттарының түптөркіні» [3] атты зерттеуі тарихи жер-су атауларының генезисін анықтауға арналған және тарихи лингвистика мен этимология тұрғысынан құнды еңбек ретінде бағаланады. Т. Жанұзақтың топонимика саласындағы зерттеулері қазақ жер-су атауларының шығу тегі, мағыналық құрылымы және тарихи-этимологиялық дамуын жүйелі түрде қарастыруымен ерекшеленеді. Ғалымның негізгі еңбектерінде қазақ топонимдері тек географиялық атау ретінде емес, тарихын, мәдениетін,

дүниетанымын және әлеуметтік өмірін бейнелейтін маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. «Кең-байтақ, ұлан-ғайыр жеріміздегі миллиондаған жер-су атауларында халық тарихының ізі, халықтың дүниеге көзқарасы, тіршілік қарекеті, тұрмыс-күйі, шаруашылық кәсіптерінің көріністері, әдет-ғұрып, салт-сана, жөн-жоралғының көрік бейнесі айқын зерделенген» [4, 4 б.]. Ғалымның бұл пікірі жер-су атауларының халықтың тарихы мен мәдениетін, дүниетанымы мен өмір салтын тұтас сақтап, бейнелейтін терең мазмұнды тілдік дерек екенін айқындайды.

Б. Тлеубердиевтің «Ономастика: ұлттық-мәдени ерекшеліктері» [5] атты еңбегі жалқы есімдерді когнитивтік лексика мен лингвоконцептология тұрғысынан зерттейді. Ғалым ономастикалық концептіні когнитивтік категория ретінде сипаттай отырып, қазақ жалқы есімдерінің когнитивтік және лингвомәдени аспектілерін жан-жақты талдайды.

Өңірлік топонимиканы зерттеген ғалым Б.Т. Тасполатовтың «Қазығұрт топонимдері» [6] еңбегі өңірлік жер-су атауларын тарихи, мәдени және тілдік тұрғыдан жан-жақты талдауға арналған. Бұл еңбек аймақтық топонимиканы зерттеуге мүмкіндік беретін іргелі зерттеулердің бірі. Ғалым Қазығұрт өңіріндегі топонимдердің шығу төркінін, семантикалық қабаттарын, тарихи және этномәдени мәнін қарастыра отырып, олардың халық сана-сезіміндегі, мәдениеттегі орнын ғылыми тұрғыдан негіздейді.

Топонимдерді зерттеу көптеген ғалымдардың назарын өзіне аударған өзекті мәселе. Жер-су атауларын әртүрлі аспектіде зерттеген шетелдік ғалым Гарсиа-Кера Нурия өзінің «The etymology of oraque place names based on a cognitive and interdisciplinary method» атты зерттеуінде мағынасы көмескеленген топонимдердің этимологиясын зерттеу мәселесі қарастырылады. Ғалым көмескі еуропалық топонимдердің түптөркінін анықтау үшін когнитивтік және географиялық тәсілдерге негізделген жаңа әдістемені ұсына отырып, олардың бастапқы семантикасы ландшафт элементтерімен тығыз байланысты болғанын дәлелдейді [7].

С. Имамбердиева және өзге де авторлардың «Lexico-Semantic Aspect of Ancient Turkic Toponyms of Kazakhstan» [8] атты зерттеуінде Қазақстандағы ежелгі түркі топонимдерінің лексика-семантикалық ерекшеліктері, олардың шығу тегі мен мағыналық құрылымы жан-жақты қарастырылады. Авторлар топонимдердің адам танымы, әлеуметтік құрылым және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу сияқты аспектілердің антропоцентристік көзқарас аясында географиялық атауларда қалай көрініс табатынын талдайды. Зерттеуде топонимдердің құрылымы, мағынасы және қолданылу аясы зерттеліп, олардың мәдени мұра мен ұжымдық есте сақтаудағы рөлі анықталады.

А.Б. Сарсембаева, Ж.А. Ағабекованың «Қазақстан топонимдерін стандарттау және унификациялауды зерттеудегі транслитерация мәселелері» [9] атты зерттеулерінде Қазақстандағы географиялық атауларды бір жүйеге келтірудің негізі ұсынылады. Ғалымдар топонимика мәселелері мен

топонимикалық лексиканы, жалқы есімдерді атаудағы заңдылықтарды және олардың құрылымын зерттемейінше, географиялық атаулардың жазылуын бір жүйеге келтіруге, бір қалыпқа келтіруге қол жеткізу мүмкін емес деген тұжырым айтады.

### Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Өңірлік топонимиялық атауларды зерттеу ұлттық тарихи-мәдени құндылықтардың мәнін тереңірек ашуға, сондай-ақ белгілі бір аймақтың топонимиялық кеңістігін жан-жақты тануға айрықша ықпал етеді. Аталған зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектері құрайды. Атап айтқанда, ономастика саласындағы ғылыми бағыттарды айқындауда Т. Жанұзақ, Г. Мәдиева, Е. Керімбаев, Б. Тлеубердиев, Қ. Рысберген және басқа да зерттеушілердің еңбектері негізгі теориялық тірек ретінде пайдаланылды. Бұл ғалымдардың еңбектерінде топонимиялық атаулардың қалыптасу уәждері, семантикалық құрылымы мен тарихи-мәдени сипаты жан-жақты қарастырылған. Аталған зерттеулер өңірлік топонимдерді кешенді түрде талдауға, олардың тілдік, мәдени және танымдық ерекшеліктерін анықтауға ғылыми-теориялық негіз болды. Этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулер жүргізген Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігі кейбір топонимдік атаулардың этномәдени сипатын анықтауда дереккөз ретінде қолданылды. Аталған ғылыми еңбектер зерттеу бағытын жүйелеуге және лингвомәдени сипаттағы концепттерді кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу материалы ретінде Қаратау өңірі топонимдері талданды. Бұл өңір Қазақстанның оңтүстігінде орналасып, табиғи, тарихи және мәдени тұрғыдан ерекше мәнге ие. Қаратау топонимдері зерттеу үшін қызықты, өйткені олар тек географиялық атаулар ретінде ғана емес, сонымен бірге тарихи оқиғалар, этномәдени тәжірибелер, халықтың дүниетанымы мен өзіндік ерекшелігін бейнелейтін семиотикалық бірліктер болып саналады. Зерттеу барысында өңірдегі жер-су атауларының шығу тегін, семантикасын, тарихи-мәдени сипатын және олардың ұлттық танымдағы рөлін қарастыруға мүмкіндік туды.

Зерттеу барысында төмендегідей негізгі әдістер қолданылды:

1. *Жинақтау әдісі* – Қаратау өңіріндегі жер-су атауларын жинау, топонимдердің толық қорын жасауға бағытталған. Бұл әдіс топонимдердің тарихи, мәдени және лингвистикалық деректерін біріктіруді жүзеге асырады.

2. *Сипаттау әдісі* – зерттеу барысында жиналған топонимдік материалдарды жүйелі түрде талдап, олардың тілдік, семантикалық, тарихи және мәдени ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік беретін әдіс. Сипаттау әдісі топонимдердің этномәдени, когнитивтік және семиотикалық

аспектілерін ашуға жол береді, яғни әр атаудың халық сана-сезіміндегі, тарихи жадыдағы және мәдени кодтардағы орнын көрсетуге мүмкіндік туғызады.

3. *Семиотикалық талдау* – топонимдерді таңба ретінде қарастыру, олардың мәдени, когнитивтік және ақпараттық қызметін анықтауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы топонимдердің халықтың дүниетанымын, тарихи жадысын және мәдени кодтарын бейнелеу рөлі зерттеледі.

4. *Лексика-семантикалық талдау* – топонимдердің мағыналық және символикалық қабаттарын анықтауда қолданылды. Бұл әдіс топонимдердің лексика-семантикалық жүйесін ашуға және олардың ұлттық танымдағы орнын көрсетеді.

5. *Этимологиялық талдау* – тіл білімінің сөздер мен атаулардың шығу төркінін, алғашқы мағынасын, тарихи дамуын және дыбыстық-мағыналық өзгерістерін зерттейтін саласы.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Дүниенің топонимиялық көрінісі – бұл топонимдер мен олардың жүйесі негізінде қалыптасқан концептілер арқылы көрініс табатын ментальді-топонимиялық құрылым. Топонимдер тек тілде ғана өмір сүрмей, сонымен қатар адамның, яғни этностың санасында, танымында және тарихи жадысында өз орнын алады. Тілдік жүйе мен табиғи кеңістікті байланыстыратын – адам, оның ойлау жүйесі, сана және когнитивтік қабілеті. Топонимдердің онтологиялық болмысы ментальді болмысымен тығыз байланыста, өйткені олар тілдік бірліктер ретінде ментальді түсініктер мен түйсіктерді бейнелейді. Бұл түсініктер топонимдердің концептілік құрылымында семиотикалық түрде жинақталған және этностық танымның бір бөлігі ретінде қызмет атқарады. Тілдік санада кеңістік жөніндегі ұғымдар әр тарихи дәуірдің ментальді ұстанымдары мен когнитивтік түсініктерін сақтайды. Әр жеке тілдік тұлғада географиялық кеңістік туралы өз ментальді-топонимиялық түсініктері, яғни стереотиптері бар. Бұл түсініктер оның сөз қорының құрамына енген топонимдер жиынтығында жинақталады. Әрбір топонимиялық тұлға өз тілдік санасында топонимдік дүниенің жеке бейнесін қалыптастырады. Сонымен қатар, топонимиконның көлемі мен мазмұны бойынша топонимиялық тұлғалар әртүрлі болып келеді: кейбір адамдардың топонимикалық қоры тар және аз, ал басқаларының топонимиконы бай, лексикалық және ментальді өрісі кең болып, кеңістікті қабылдау мен таным жүйесінде терең семиотикалық бейнелерді қалыптастырады.

Өңірлік топонимдерді зерттеу маңызды болып келеді, өйткені олар тек географиялық объектілерді ғана көрсетіп қоймай, сол өңірдің тарихын, мәдениетін, этникалық ерекшеліктерін және халықтың дүниетанымын бейнелейді. Топонимдер арқылы зерттеуші жергілікті халықтың тілдік ерекшеліктерін, сондай-ақ соңғы ғасырларда қалыптасқан әлеуметтік,

саяси және экологиялық өзгерістерді анықтай алады. Өңірдің географиялық атаулары тек жер бедерін сипаттап қана қоймай, сонымен бірге халықтың тарихи тәжірибесі, мәдени дәстүрлері, тұрмыс-салт ерекшеліктері және этникалық құрылымы туралы мол ақпарат береді. Қаратау өңірдің топонимдік қоры қазақ ономастикасы ғылымында жергілікті атаулардың заңдылықтарын, тарихи дамуын және тілдік ерекшеліктерін зерттеу үшін бағалы дереккөз ретінде құнды. Сонымен қатар, өңірлік топонимдердің шығу тәркінін, этимологиясын, лексика-семантикалық және когнитивтік ерекшеліктерін, сондай-ақ тарихи даму үдерісін зерттеу ұлттық ономастика ғылымының дамуы үшін де маңызды.

Қазақ жерінде Қаратау атты таулар бірнешеу, олардың ең көлемдісі – Түркістан және Жамбыл облыстарының аралығында орналасқан биік емес, аласа тау. Таудың ең биік нүктесі – Мыңжылқыдағы Бессаз шыңы. Аймақта өзендер мен көлдер аз, негізгі су жүйесі – Бөген және Арыс өзендерінің салалары. Олар көктемгі қар суларының әсерінен молаяды. Таудың төбелері тегіс, көбінесе мал жайылымы ретінде пайдаланылады. Бөген өзенінің жоғарғы жағындағы сайда «Әулие» деп аталатын үңгір бар, оның тереңдігі – 30 метр, ұзындығы – 150 метр. Үңгі топырағы тыңайтқыштарға мол, ертеде құстардың мекені болғаны семиотикалық (таңбалық) көріністерімен сабақтастықта қарастырылады. Қаратау – Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан ежелгі табиғаты ерекше аймақтардың бірі. Қаратау тауымен байланысты өлке тек географиялық ерекшелігімен ғана емес, тарихи, археологиялық тұрғыдан да көптеген саяхатшылар мен зерттеушілердің назарын өзіне аударған мекен.

Кез келген тарихи кезеңдегі семиотикалық кодтар белгілі бір тарихи топонимдердің тарихи-мәдени семантикасына топталып, сол арқылы қоғамның әлеуметтік және мәдени даму ерекшеліктерін айқындауға негіз болады. Қазақ халқының сан ғасырлық тарихын зерттеуде маңызды деректердің бірі – топонимдердің семиотикалық тұрғыдан талдануы болып саналады. Топонимиялық жүйе ғасырлар бойы қалыптасып, аймақтың табиғи жағдайларын, оны мекендеген халықтардың көне және жаңа тарихын, сонымен қатар ұлттық рухани және материалдық мәдениетті бейнелейтін атаулардың толық жиынтығын құрайды. Жеке аймақтық немесе ұлттық деңгейдегі топонимдер болсын, олардың әрқайсысы өзіне тән ерекшеліктерімен ерекшеленеді, бұл ерекшеліктер мәдениет негізінде қалыптасып, ғасырлар бойы дамып отырады. Осы тұрғыдан келгенде, Қаратау өңірі топонимдерінің семиотикалық мәні ерекше басымдыққа ие. Өңірдегі атаулар тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, табиғат, тарихи оқиғалар, мәдени дәстүрлер мен халық өмірінің әлеуметтік ерекшеліктері туралы ақпарат береді. Әрбір топонимдік атау табиғи орта мен адам әрекетінің өзара байланысын бейнелеп, ландшафт мәтінінің элементі ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, Қаратау топонимдерінің

семиотикалық талдауы арқылы аймақтың тарихи, мәдени және географиялық ерекшеліктерін тереңірек зерделеуге мүмкіндік туады.

Қазіргі ономастикалық зерттеулер тілді адаммен, объективтік шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғарғы формасы оның ақыл-ойымен, санасымен, рухани ішкі дүниесімен тығыз байланыста зерттеуге бағытталады. Ұлттың танымымен, санасымен байланысты топонимикалық зерттеулер мәселесі соңғы уақытта мол өзектілікке ие болуда, өйткені топонимдерді адекватты зерттеу ісі оның өз шеңберінен шығып, табиғат пен қоғамдағы белгілі бір ортада өмір сүретіндердің тобына жүгінгенде ғана толық мүмкіндікке ие болмақ. Шығыстың кемеңгер ойшылы Конфуций осыдан екі мың жыл бұрын Қытай билеушілерінің біріне мемлекеттегі істерді оң жолға қоюды атауларды дұрыстаудан бастау керектігі туралы: «Егер атаулар дұрыс болмаса, сөздердің негізі болмайды. Сөздердің негізі болмаған жағдайда, іс те жүрмейді және халық та тығырыққа тіреледі», – деген болатын. «Топонимдердің феномені неде жатыр?» дер болсақ, «олар – тіліміздегі ең көне сөздер ретінде ерте замандардан күні бүгінге дейін жеткен ұлтымыздың рухани мұрасымен, семиотикалық дәстүрімен сабақтастықта жатыр» деген болар едік. Өзінің айрықша тілдік табиғаты, тұрақтылығымен бізге беймәлім арғы ата-бабаларымыздың тілінде өрнектелген ежелгі топонимдердің қазіргі тілдік айналымында болып, қоғам қажетін өтеуінің өзі феномендік факт екені даусыз.

Ұлттық мәдениеттің ең бір озық айғағы жазу-сызу (семиотика, таңба) болса, бұл далада біздің жыл санауымыздан көп бұрын дыбысты әріптер, таңбалар пайда болып, V-VIII ғасырдағы әйгілі Түркі қағанаты кезінде дыбысты әріп танымдық деңгейге жетті. Жазу-сызу да (семиотикалық таңба) ең алдымен байтақ даладағы этникалық тұтастықтың өз ішіндегі сабақтастықты қамтамасыз ететін құрылым ретінде қарастырылады.

V-VIII ғасырдағы тасқашау жазудың (руна жазуы) сөздерін Кіші Қаратаудың солтүстік өңіріндегі *Шарбақты*, *Тәңірқазған*, *Бөрікқазған*, *Ақкөл*, *Қазанған* деп аталатын жерлерден көреміз. Бұл жазуларды қазіргі ұрпағымыз аудармасыз түсінсе, оның басты себебін үзілмей жалғасқан сабақтастықтан іздеу керек.

Топонимикадағы семиотика географиялық атауларды мәдени, тарихи және мағыналық кодтарды беретін таңбалық жүйе ретінде зерттейді. Топонимдер (мекендердің аттары) символдық таңба қызметін атқарып, жер бедері ерекшеліктері, тарихы, құндылықтар жүйесі туралы ақпарат береді. Қасиетті қарт Қаратаудың ең маңызды өзіндік қасиет ерекшеліктері семиотика тұрғысынан сипатталғанда біраз мағлұматтар берері сөзсіз. Топонимді таңба деп, ал топонимияны таңбалық жүйе ретінде түсіндіргенде, семиотикалық нысандардың, объектілердің тілдік семантикасына, сипаты мен олардың коммуникативтік қызметіне назар аударылады.

Қаратау өңіріндегі жер-су атаулары аймақтың табиғи-географиялық ерекшеліктерін ғана емес, халықтың дүниетанымы мен танымдық тәжірибесін де бейнелейтін семиотикалық таңбалар жүйесін құрайды. Мысалы, *Қаратау, Таукент, Хантағы, Жаңатас, Шаштөбе, Сұлтөбе, Жалпақтөбе, Кеңестөбе, Боралдай, Алтынтөбе, Үсіктас, Суындықтөбе, Жартытөбе, Жуантөбе, Ақжал, Көксарай, Мұзбел, Жамантас, Жіңішкежал, Артықтыжон, Айыртас, Керегетас, Шаңырақтас* сияқты атаулардың құрамындағы *тау, төбе, тас, жал, бел, жон* сөздері жер бедерінің табиғи сипатын танытса, олармен біріккен тілдік бірліктер халықтың қоршаған ортаны қабылдау ерекшелігін көрсетеді. Атап айтқанда, *Сұлтөбе, Алтынтөбе* сынды атаулар эстетикалық және символдық мәнге ие болса, *Жамантас, Мұзбел* секілді топонимдер табиғаттың қаталдығы мен географиялық ерекшеліктерін білдіреді. Ал *Шаңырақтас, Керегетас* атауларында қазақ халқының тұрмыстық мәдениеті мен ұлттық дүниетанымына тән ұғымдар таңбаланған.

Қаратау өңіріндегі топонимдер – жалқы есімдер жиынтығында көшпелі мал шаруашылығымен байланысты мәдени-образдық жиынтығы мен беретін қосымша мағыналары семиотикалық тұрғыдан бекітілген. Адамдар Қазақстан жерін тас дәуірінен бері мекендегені ғылымда дәлелденген, оны Қаратау сілемдері мен Есіл жағалауларынан, Сарысудың орта ағысы мен Балқаш жағалауынан және Маңғыстау, Жетісу өңірлерінен табылған ежелгі тас құралдары толық анықтап отыр. Этностың шаруашылық ішіндегі осы бір негізгі дәстүрлі түрімен байланысты ұлттық мәдени семантика көптеген өңір топонимдерінде орын алған: *Мыңжылқы, Қошқарата, Қаратау арқары, Қойбағар, Бозінген, Тізе бүккен, Қанжайлау, Төржайлау, Тайатқан, Айғырұшқан, Мыңқауға, Қарабұқа, Жорғабел, Биебайлаған, Бұзаусай, Ботамойнат т.б.* Материалдық мәдениеттің таңбалық семантикасы *Сандықтау, Арба, Балталы, Шоқпар, Ошақ, Балта, Үзеңгі шоқы, Бөрікті, Керегесай, Кетпенқалған, Бесқауға, Шөміштөбе, Бесіктас* т.б. өңір топонимдерінде жинақталған.

Жоғарыдағы дәлелді материалдарды негізге ала отырып, өңір топонимдерін – этномәдени (лингвомәдени) таңба деп те айтуға болады. В.В. Воробьев жазған есімдер мен мәдени құндылықтардың таңбалық қызметіне назар аударар болсақ: «Топонимдер таңбалық жүйе бола отырып, ақпарат беру, сақтау, пайдалану және иелену құралы бола алады. Сондай-ақ тіл сияқты мәдениет те ақпарат бере алатын таңбалық жүйе болып табылады, бірақ тілден бір айырмашылығы өздігінен ұйымдастыруға қабілетсіз болып келеді, өйткені мәдениет дегеніміз – ең алдымен есте сақтау, жады, ал оның негізгі қасиеті жинақтау мен абсолюттік жалпыға талпыну» [10, 12-13-б.], – деп көрсетеді.

Таңба ұғымы лингвистика, тарих, әдебиеттану, математика, психология, мәдениеттану, логика сияқты көптеген ғылым салаларында қарастырылатын

эмбебап категория ретінде танылады. Лингвистика ғылымының әрбір даму кезеңінде таңба мәселесі сол уақыттың ғылыми парадигмасына сәйкес қайта пайымдалып, жаңа қырларынан зерттеліп отырады. Бұл, ең алдымен, тілдік таңбалардың дыбыс, сөз, сөйлем, мәтін және олардың сыртқы формаларының өзара байланысқан жүйе құрайтындығымен түсіндіріледі. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нысаны болып отырған Қаратау өңірі топонимдері де семиотикалық (таңбалық) жүйе ретінде қарастырылады. Аталған топонимдердің әрқайсысы белгілі бір сыртқы формамен қатар, сол атаудың қалыптасуына негіз болған ішкі мазмұнды, яғни тарихи, рухани-мәдени, табиғи және танымдық ақпаратты бойына сіңіреді.

Жалпы алғанда тілдік таңба мәдени құбылыстарды, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды, адамзат қоғамындағы, жануарлар әлеміндегі қарым-қатынастарды, тілдік коммуникацияны сақтайтын және жеткізетін әр түрлі таңбалар жүйесінің құрылымы мен қызметіндегі жалпы мәселелерді зерттейтін ғылыми сала. Өңір топонимдерінің семиотикалық көрінісі деп негізінен экстралингвистикалық сипаттағы оның құрамдас компоненттерінің тіркесімін ұғынамыз, ал ақпарат тілдік, онимдік функциядан, стилистикалық және эстетикалық маңыздылықтардан құралады.

Біз қарастырып отырған Қаратау өңірі топонимдері лингвомәдени таңба ретінде өзінің тарихи-мәдени семантикасында өз бойына түрлі мәдени коннотацияларды жинақтағанын байқауға болады. Мәдени коннотация тіл мен мәдениет семиотикасының сабақтастық негізінде іске асырылып отырылады.

Қаратау өңірі топонимдерін зерттеудегі семиотикалық әдіс шеңберінде біз төмендегідей мәселелерге назар аудардық: 1) өңір топонимдері семантикасында, оның семиотикалық әлеуетінде тарихи, әлеуметтік ақпарат қалай берілген, қалай қалыптандырылған (кодталған); 2) өңір топонимдерінің таңбалық ерекшелігі ретінде дәуірдің тарихи-әлеуметтік коды қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірінде қалай ашылып, іске асырылады.

Қаратау өңірі семиотикалық тұрғыдан археологиялық және этнографиялық ескерткіштерге бай болып келеді. Қаратау жотасы мыңдаған жылдар бойы тарихи оқиғалардың куәсі болып табылатындығына таңбалы тастар да куәлік етеді. Қасиетті Қаратау жерінде ежелгі адамдар мекен етіп, аң аулап, түрлі аңның суреттерін тасқа қашап, таңба ретінде кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған.

Кеңес заманы өз дегенін іске асырып тұрған кезде Қаратау бөктеріндегі экологиялық жүйеге нұсқан келтірілді, соның салдарынан дерлік барлық жерге мал жайылымына рұқсат беріліп, тауда қазба жұмыстары жүргізіліп, өзендер жағасындағы ағаш-бұталар оталынды. Мысалы: XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың орта тұсында Қаратау аумағын мекендеген Тянь-Шань аюы (*ursus arctos isabellinus*), Түркістан сілеусіні (*lynx kinx isabellina*), Елік (*capreolus pygargus*) сияқты жануарлар антропогендік факторлардың ықпалынан бұл

төңіректен мүлдем жойылып кеткен. Арқарлар мен Бұқар бұғысы әр түрлі табиғи факторлардың себебінен, Қаратау қорығы аумағынан тыс Түркістан орман шаруашылығы жерлері арқылы Қаратау жотасының қиыр шекарасы Қызылорда облысы Шиелі ауданының аумағына қарай қоныс аударуда.

Қаратау өңірінде *Аюлы сай, Сарымсақты, Қазанбұлақ, Майлықара, Қызылсай, Бесшоқы, Ақтастың сайы, Үшайрықтың басы, Бессаз, Келіншектау, Қошқарата, Ақкекіл, Жаңғақты, Жыңғылшық, Боқан, Бұрката, Тектұрмас, Қиынжүрек, Тоқпан, Көкбұлақ* т.б. сай-салаларда Қаратау арқарлары кездеседі. Табиғи ерекшеліктерімен өзгешеленетін түрлі өңірлер мен аймақтардың топонимиясы әр өлкенің флора дүниесіне сай тілдік (онимиялық) өз көрінісін береді. Мәселен, Е.Ә. Керімбаевтың байқауынша Қазақстанның таулы аймақтарында негізінен тауларда өсетін өсімдік атауларынан туындаған оронимдер кездеседі: Аршалы, Аршаты, Ырғайлы, Қайың, Қайыңды, Тобылғы, Тобылғылы, Алмалы, Алмасай, Қарағаш, пістелі, пістелі тау, Доланалы, Өрікті, т.б. жусанның түрлі атаулары, жабайы пияздың түрлері – сарымсақ, жуа, қалба, соғұн т.б. таулы жайылымдарда өседі [11, 21-б.]. Осы тұрғыдан келгенде, Қаратау өңіріндегі семиотикалық код белгілі бір өлкенің флора-фаунасына сай өсімдік дүниесінен көрініс береді. Біздің пікірімізше, өсімдіктерге, жалпы өсімдіктер әлеміне адамдар өміріне қажеттілік тұрғысынан қарау болып табылады. Адам өміріне, шаруашылығына қажетті өсімдікке, жануарларға, табиғи нысандарға, қоршаған ортаға қатысты ақпараттарды жергілікті географиялық объектілер атауларына негіз еткен.

Қаратау өңірінің табиғи-географиялық кеңістігінде кең таралған өсімдіктер қауымдастығы аймақтың атаулар жүйесінде айқын із қалдырған. Өсімдік атаулары семиотикалық тұрғыдан өңір топонимдерінің құрамында белсенді түрде қолданылып, белгілі бір мекеннің флоралық ерекшеліктерін айқындаушы белгі қызметін атқарады. Осыған орай Қаратау аймағы топонимдерінде флора мен фаунаға қатысты мәдени ақпараттың таңбалық-семантикалық қабаты сақталған. Мұндай атаулар қатарына *Қайыңды, Қарағайлы, Қамысты, Үйеңкілі, Өлеңті, Сарымсақ, Үшқатты, Итмұрын, Алмалы, Күйреуік, Бетеге, Тауқонақ, Шәйшөп, Құлынембес, Жапырақтеңге, Жалбыз, Мыңтамыр, Жуалы, Рауаш, Ерменді, Шоқайна, Меңдуана, Қымыздық, Қызсаумалдық, Уқоргасын* және басқа да фитотопонимдер жатады. Сонымен бірге Қаратау өңіріндегі фитотопонимдердің қалыптасуына көптеген өсімдік атаулары негіз болған. Атап айтқанда, *жиде, өлең, шеңгел, қараағаш, шілік, қарақат, итмұрын, тораңғы, мойыл, бетеге, қайың, пісте, пияз, жуа, сарымсақ, қалба, изен, ермен, жусан, өрік, тобылғы, раң, сасыр, тал, долана, емен, терек, қарағай, арша, алма, ши, бидайық, бидай, арпа, сексеуіл, жыңғыл, жантақ, тікен, қамыс, қияқ, құрай, қараған, боз, қоға* секілді өсімдік атаулары аймақтық топонимдер жүйесінде кеңінен көрініс тапқан.

Қаратау өңірі топонимдерінің таңбалық семантикасы ерекше, өйткені олардың бойында мифке, одан қала берді аңыз-әңгімелерге қатысты мифопоэтикалық кейіпкерлер өз белгілерін беріп жатады. Бұл өңір рухани тұрғыдан жаратылған сакральдық әлем ретінде ерекше түрдегі танымдық сипатымен қарастырылады. Аталған өңірде топонимдер құрамында көне жазба мәтіндер, архетиптер мен жергілікті халықтың әр түрлі мифтік тақырып туралы әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдерінің семиотикалық сипаты берілген. Қарастырып отырған топонимдердегі архетиптердің таңбалық семантикасы біздің жеке зерттеу тәжірибеміздің нәтижесі емес, ол ата-бабаларымыздың мұрасы. Біздің ойымызша, саналы түрдегі емес инстинкт (түйсік, ырықсыз сезім), символдар архетиптерді жасауға деген тума қабілетке ие деп есептейміз, архетиптер түс көргенде мифтерден, аңыз-әңгімелер мен ертегілерден көрініс табады.

Біздің көзқарасымыз бойынша архетиптер тек фольклорда көрініс таппайды. Кейбір архетиптердің терең таңбалық семантикасы бір қатар Қаратау өңірі топонимдерінің мәдени коннотацияларында қалыптандырылған, кодталған. Мәселен, «архетиптік сұрсана» (коллективном безсознательном) деңгейде әлемдік өс архетипімен байланысты әлемдік тау, әлемдік дарак архетипі орын алған. С. Қондыбай «Арғықазақ мифологиясы» атты еңбегінде бұл тұрғысында мынадай қызықты мәліметтерді келтіреді: «...бүкіл ғаламтау (шенбер), оның ортасында, кіндігінде, қойнауында протокосмос (тіршілік тумасы, космос тумасы, яғни нүкте) бар деген архетипті, мәселен зороастризм абыздары мен дей-түркі абыздарын екі түрлі бағытта дамытты» [12, 83-б.].

Ғалым С. Қондыбай «қара» сөзінің шығу төркінін «Авестадан» іздеп, оның алғашқы мағынасын «түпкі», «бастапқы», «ілікті» деген сөзбен байланыстырады. «Хух Хара» сөзі бүгінгі түркі тілінде «Хара тау» – «Қара тау» деп аударылады, бұл жердегі «қара» сөзі түсті емес, «түпкі, бастапқы» деген мағынаға ие болып тұр. Ең бастысы – осы сөз де, оның осы мағынасы да бүгінгі қазақ тілінде сақталып отыр. Осындай қисын негізінде «Қара құс» сөзінің түпкі нұсқасы мен мағынасын да анықтап білуге болады («түпкі құс»). Сонымен біз, «нар/нгар» «нар» – «қар(а)» сөзі негізінде жасалған «бастапқы тіршілік иесі», «бастапқы тау», «бастапқы су» сияқты ұғымдардың болғандығын анықтап отырмыз» деп тұжырымдайды. [12, 111-112-бб.]. Қазақ халықта «қара тау», «қара халық», «қара сөз», «қара өлең», «қара жол», «қара шаңырақ», деген ұғымдар қалыптасқан. Бұл тіркестердегі «қара» сөзі түстік мағынаны емес, «ежелгі», «негізгі», «бастапқы» деген мағыналарды білдіреді. Олай болса Қаратау топонимдік атауы «ежелгі тау» деген түпкі мағынаны білдіре келе, киелілікті білдіретін символдық мәнге ие.

Қарастырып отырған өңіріміздегі киелі атаулар, төбелер, биіктер, аңғарлар олардың архетипімен байланысты болса керек. Қазақ ономастикасында таулар мен олардың атаулары (оронимдер), сондай-

ақ көптеген жер-су атаулары сакральдық мәнге ие болып келеді. Мұндай атауларда әртүрлі символдық бейнелер көрініс табады. Өмір дарағы, аспан дарағы, бақсы дарағы сияқты ғарыштық және мәдени элементтер арқылы жердің бейнесі көрсетіледі. Сонымен қатар, әлемдік тау, мұнара, бағана, тас, ошақ сияқты табиғи және мәдени нысандар жер мен адамды аспанмен, жаратушы күшпен байланыстыратын символдық функцияны атқарады. Бұл нысандар жаратылыс уақыты мен кеңістікке қатысты танымдық, діни және рухани энергияны білдіретін ерекше семиотикалық мәнге ие болып, халықтың дүниетанымындағы сакральдық орталықтар ретінде қызмет етеді.

Қаратау өңірінің әрбір қойнауы тарихи және рухани сырға толы. Бабатадағы Ысқақ баб, Құмкенттегі Баба Түкті Шашты Әзіз әулиеге қатысты жер-су атаулары халық жадында сақталған тарихи-мәдени деректерден хабар береді. Қаратаудың соңғы сілемдеріндегі Мыңжылқы, Келіншектау шоқылары тағы да басқа жер-су атаулары белгілі бір семиотикалық мәнге ие. Бұл топонимдер арқылы өңірдің табиғи ерекшелігі, тарихи оқиғалары және халықтың дүниетанымы көрініс табады. Әулие-әмбилердің құтты мекеніне айналған Қаратау өңірі киелі кеңістік ретінде ұлттық рухани мәдениетпен тығыз сабақтасып жатыр.

*Әулие, баба, ата, ана* сияқты киелі ұғымдармен байланысты қалыптасқан «ғайып» этномаркерлі агиотопонимдер де ерекше топты құрайды. Мұндай атаулар Орта Азия халықтарының рухани дүниетанымымен сабақтасып, аймақтың көптеген жерлерінде кең таралған. Осы атаумен байланысты топонимдер Орта Азия аумағының көптеген өңірлерінде кездеседі. Қаратау өңіріндегі Атабай қыстағы маңындағы таулы аймақта екі әулиенің атымен байланысты «Ғайып ата», «Үлкен Ғайып», «Кіші Ғайып» атты агиотопонимдер сақталған. Бұл атаулар халықтың мифологиялық танымы мен діни сенімдерінің көрінісі ретінде ерекшеленеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қаратау өңірі топонимдері тек географиялық атаулар ғана емес, сондай-ақ мәдени-этнографиялық және тарихи-әлеуметтік ақпарат тасымалдаушысы ретінде қызмет атқарады. Бұл топонимдер көшпелі мал шаруашылығымен байланысты дәстүрлі өмір салты мен этномәдени тәжірибелерді көрсететін семиотикалық бірліктер ретінде қарастырылады. Қаратау өңіріндегі оронимдер табиғи-географиялық ерекшеліктермен, флора мен фаунаның таралуымен, тарихи оқиғалармен және мифопоэтикалық мәдени коннотациялармен тығыз байланыста қалыптасқан.

Фитотопонимдер мен зоотопонимдер аймақтың флорасы мен фаунасын, сондай-ақ адам өмірі мен шаруашылығы үшін маңызды табиғи ресурстарды сипаттайды. Сонымен қатар, көптеген топонимдер мифтік кейіпкерлер, аңыздар мен жергілікті наным-сенімдермен байланысып, өңірдің сакральдық мәдени ландшафтын бейнелейді. Бұл тұрғыдан, Қаратау

топонимдері тарихи жадыны, мәдени мұраны және этнолингвистикалық ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін лингвомәдени таңбалар ретінде бағаланады.

Зерттеу нәтижесінде Қаратау өңірі топонимдерінің семиотикалық табиғаты халықтың таным-түсінігін, дүниетанымын, мәдениеті мен тарихын бейнелейтін таңбалық жүйе ретінде қарастырылды. Қаратау өңірі топонимдері құрамындағы тілдік бірліктер тек жер бедерін сипаттап қана қоймай, этномәдени ақпаратты да сақтайтыны айқындалды. Сонымен бірге кейбір атауларда киелілік ұғымы мен символдық мәннің көрініс тапқаны анықталды. Жалпы алғанда, Қаратау өңірі топонимдерінің ұлттық мәдени кодты сақтаушы семиотикалық бірліктер ретіндегі маңызы ашылды.

Қаратау өңіріндегі топонимдердің зерттелуі қазақ топонимикасы мен ономастикасының теориялық дамуына, өңірлік тілдік деректерді жүйелеуге және семиотикалық әдістерді қолданудың практикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді аймақтық топонимиялық сөздіктерді әзірлеуде пайдалануға болады. Жүргізілген зерттеу қазақ топонимиясын семиотикалық тұрғыдан қарастыру арқылы ономастика, этнолингвистика және когнитивті лингвистика салаларындағы ғылыми талдаулар аясын кеңейтуге ықпал жасайды. Сонымен қатар, ұлттық мәдени мұраны сақтау мен жүйелеуде маңызды рөл атқарады.

### **Қорытынды**

Зерттеу жұмысының нәтижесінде Қаратау өңірі топонимдері тек географиялық атау қызметін атқарып қана қоймай, халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, этномәдени танымын және рухани құндылықтарын сақтайтын маңызды семиотикалық бірліктер екендігіне көз жеткіздік. Топонимдер ұлттық сананың, кеңістікті қабылдаудың және мәдени кодтардың бейнеленуін қамтамасыз етіп, әрбір атау арқылы халықтың өмір салты, дәстүрі, тарихи жадысы мен бағалау жүйесі көрініс табады.

Өңірлік топонимдік атаулар белгілі бір аймақтың табиғи, тарихи және мәдени ерекшеліктерін көрсететін ақпараттық жүйе қызметін атқарады. Әрбір өңірдің өзіндік ерекшеліктерін айқын көрсететін жер-су атауларын зерттеу ұлттық ономастиканың теориялық және қолданбалы мәселелерін түсінуге ықпал етеді. Қаратау өңірі топонимдері мысалында көрініс тапқандай, жер-су атаулары тек географиялық нысанды белгілеп қана қоймай, тарихи оқиғалар, этномәдени тәжірибелер, флора мен фаунаға қатысты мәліметтерді де сақтайды. Олар этномәдени және семиотикалық тұрғыдан маңызды ақпарат тасымалдаушылары ретінде қызмет етеді.

Топонимдердің семиотикалық құрылымы олардың таңбалық және мағыналық қабаттарын аша отырып, аймақ халқының дүниетанымын, шаруашылық әрекеттерін, рухани құндылықтары мен тарихи жадын

бейнелейді. Сонымен қатар, өңір топонимдерінің зерттелуі тілдік және мәдени коннотацияларды анықтап, ұлттық ономастика мен лингвомәдени зерттеулердің әдіснамалық негізін нығайтады. Қаратау өңірі топонимдері тек жер-су атаулары ғана емес, мәдени және тарихи ақпаратты беретін күрделі семиотикалық жүйе.

Қаратау өңіріндегі жер-су атауларының семиотикалық жүйесін талдау олардың мағыналық құрылымын, таңбалық қызметін және тарихи-мәдени сипатын ашуға негіз болады. Сонымен қатар зерттеу топонимдердің ұлттық құндылықтарды сақтаудағы рөлін, мәдени коннотацияларын және этномәдени бірлік ретінде функциясын дәлелдеді. Осылайша, Қаратау өңірі топонимдерінің семиотикалық сипатын зерттеу қазақ топонимикасының теориялық мәселелерін толықтыруға, өңірлік тілдік деректерді жүйелеуге және семиотикалық талдаудың әдіснамалық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері лингвистика, мәдениеттану және өлкетану салаларында практикалық маңызға ие болып, ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарды тануда маңызды дерек көзі ретінде қызмет атқарады.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған «Қолданбалы лексикография: қазақ топонимдерінің этимологиялық сөздігін түзу және оны цифрландыру» атты ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жоба бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды. (Жеке тіркеу нөмірі: AP26103897)

### **ӘДЕБИЕТ**

[1] Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастиканың теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазҰУ «ИС-Сервис» ЖШС, 2015. – 270 б.

[2] Жанұзақ Т. Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық). – Алматы: «Өнер», 2011. – 496 б.

[3] Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-Словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.

[4] Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 524 б.

[5] Тлеубердиев Б.М. Ономастика: ұлттық-мәдени ерекшеліктері. Оқу құралы. – Алматы: Alash Book, 2024. – 130 б.

[6] Тасполатов Б.Т. Қазығұрт топонимдері: Монография. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016. – 168 б.

[7] Garcia-Quera, N. The etymology of opaque place names based on a cognitive and interdisciplinary method. *Language Sciences*. – 2025. – 107. – 101688. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.langsci.2024.101688>

[8] Имамбердиева С., Нурдаулетова Б., Кошимова Б., Куламонова З.,

Алимхан А. Lexico-Semantic Aspect of Ancient Turkic Toponyms of Kazakhstan // FLS – Future Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7. – Iss. 8. – Article 9760. DOI: 10.30564/fls.v7i8.9760.

[9] Сарсембаева А.Б., Ағабекова Ж.А. Қазақстан топонимдерін стандарттау және унификациялауды зерттеудегі транслитерация мәселелері // Абылай хан Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – Том 65. № 2. DOI: 10.48371/PHILS.2022.65.2.012.

[10] Воробьев В.В. Лингвокультурология (теория и метод). – М.: Искусство, 2001. – 208 с.

[11] Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном номинативном и функциональном аспектах. – Алматы: Санат, 1995. – 248 с.

[12] Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк – Пресс, 2004. – 407 б.

## REFERENCES

[1] Madieva G.B., Imanberdieva S.Q. Onomastikanyn teorijasy men praktikasy [Theory and practice of onomastics]. – Almaty: QazUU «IC-Servis» ZhShS, 2015. – 270 b. [in Kaz.]

[2] Zhanuzaq T. Zher-su ataulary (jetimologijalyq anyqtamalyq) [Place and water names (etymological reference)]. – Almaty: «Oner», 2011. – 496 b. [in Kaz.]

[3] Zhanuzaq T. Tarihi zher-su attarynyn tuptorkini [The origins of historical land and water names]. – Almaty: «Sozdik-Slovar'» ZhShS, 2010. – 356 b. [in Kaz.]

[4] Zhanuzaq T. Qazaq onomastikasy. Ataular syry 3 [Kazakh onomastics. Names secret 3]. – Almaty: Dajk-Press, 2007. – 524 b. [in Kaz.]

[5] Tleuberdiev B.M. Onomastika: ulttyq-madeni erekshelikteri. Oqu quraly [Onomastics: national-cultural features. Training manual]. – Almaty: Alash Book, 2024. – 130 b. [in Kaz.]

[6] Taspolatov B.T. Qazugurt toponimderi: Monografija [Toponyms of Qazygurt: monograph]. – Shymkent: «Alem» baspahanasy, 2016. – 168 b. [in Kaz.]

[7] Garcia-Quera, N. The etymology of opaque place names based on a cognitive and interdisciplinary method. Language Sciences. – 2025. – 107. – 101688. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.langsci.2024.101688>

[8] Imamberdieva S., Nurdauletova B., Koshimova B., Kulamonova Z., Alimhan A. Lexico-Semantic Aspect of Ancient Turkic Toponyms of Kazakhstan // FLS – Future Linguistic Studies. – 2025. – Vol. 7. – Iss. 8. – Article 9760. – DOI: 10.30564/fls.v7i8.9760

[9] Sarsembaeva A.B., Agabekova Zh.A. Qazaqstan toponimderin standarttau zhane unifikacijalady zertteudegi transliteraciya maseleleri [Problems of transliteration in the study of standardization and unification of toponyms of

Kazakhstan] // Abylaj han Habarshysy. Filologija serijasy. – 2022. – Tom 65. № 2. DOI: 10.48371/PHILS.2022.65.2.012. [in Kaz.]

[10] Vorob'ev V.V. Lingvokul'turologija (teorija i metod) [Cultural linguistics (theory and method)]. – М.: Iskusstvo, 2001. – 208 s. [in Rus.]

[11] Kerimbaev E.A. Kazahskaja onomastika v jetnokul'turnom nominativnom i funkcional'nom aspektah [Kazakh onomastics in ethnocultural nominative and functional aspects]. – Almaty: Sanat, 1995. – 248 s. [in Rus.]

[12] Qondybaj S. Argyqazaq mifologijasy. Birinshi kitap [Argykazakh mythology. First book]. – Almaty: Dajk – Press, 2004. – 407 b. [in Kaz.]

## СЕМИОТИЧЕСКАЯ ПРИРОДА ТОПОНИМОВ РЕГИОНА КАРАТАУ

Тлеубердиев Б.М.<sup>1</sup>, \*Агабеков О.М.<sup>2</sup>, Ибрагимов Ж.Б.<sup>3</sup>, Бияров Б.Н.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Институт развития государственного языка, Алматы, Казахстан

\*<sup>2</sup> Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>3</sup>Международный казахско-турецкий университет имени Кожа Ахмеда  
Ясави Туркестан, Казахстан

<sup>4</sup>Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова  
Усть-Каменогорск, Казахстан

**Аннотация.** Данная статья посвящена исследованию региональной топонимики и выявлению семиотических особенностей географических названий Каратауского региона. В ходе исследования анализируются основания формирования географических названий данного региона, их связь с природной средой, историческими событиями и мировоззрением народа. Также определяется функция топонимов как языковых единиц, сохраняющих этнокультурную информацию. Цель исследования – выявить семиотическую природу топонимов Каратауского региона, раскрыть их знаковую систему и смысловую структуру.

Основная идея исследования заключается в рассмотрении географических названий не только как географических обозначений, но и как знаковых систем, отражающих историко-культурную информацию и национальное мировоззрение. В рамках исследования семиотическая природа топонимов определяется во взаимосвязи с природно-географическими и этнокультурными факторами.

Научная новизна работы заключается в комплексном семиотическом, историко-культурном и когнитивном рассмотрении топонимов Каратауского региона, позволяющем выявить их сложную знаковую природу и предложить новое направление в казахстанской топонимике. В ходе исследования для выявления семиотических особенностей топонимов Каратауского региона применялись комплексные методологические подходы. Использовались методы сбора и систематизации материала, описательный метод, а также семантический и этимологический анализ.

В результате установлено, что большинство топонимов Каратауского региона тесно связано с природно-географическими особенностями, этнокультурным сознанием и историческими событиями. Через топонимы отражаются мировоззрение, быт, духовные ценности и историческая память населения региона. Выводы исследования способствуют уточнению теоретических положений казахской топонимики, систематизации языкового материала и расширению методологических возможностей семиотического анализа. Практическая значимость определяется возможностью использования результатов в лингвистике, культурологии, краеведении, а также в преподавании ономастики в высших учебных заведениях. Кроме того, результаты исследования могут быть применены при систематизации региональных географических названий, подготовке топонимических словарей и картографических материалов, а также в сохранении и популяризации историко-культурного наследия.

**Ключевое слова:** Каратауский регион, топоним, географическое название, семиотика, знак, этнокультурная информация, миропонимание, историческая память

## **THE SEMIOTIC NATURE OF TOPONYMS IN THE KARATAU REGION**

Tleuberdiev B.M.<sup>1</sup>, \*Agabekov O.M.<sup>2</sup>, Ibragimov Zh.B.<sup>3</sup>, Biyarov B.N.<sup>4</sup>

<sup>1</sup>Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan

\*<sup>2</sup>South Kazakhstan University named after M. Auezov  
Shymkent, Kazakhstan

<sup>3</sup>Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
Turkistan, Kazakhstan

<sup>4</sup>S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

**Abstract.** This article is devoted to the study of regional toponymy and the identification of semiotic features of geographical names in the Karatau region. The research analyzes the formation principles of place names, as well as their connection with the natural environment, historical events, and the worldview of the local population. It also highlights the function of toponyms as linguistic units that preserve ethno-cultural information. The aim of the study is to determine the semiotic nature of Karatau regional toponyms and to reveal their sign system and semantic structure.

The main idea of the research is to consider geographical names not only as spatial labels but also as sign systems reflecting historical and cultural information and national worldview. The semiotic nature of toponyms is examined in relation to natural-geographical and ethno-cultural factors. The scientific novelty lies in a comprehensive semiotic, historical-cultural, and cognitive analysis of Karatau toponyms, which reveals their complex sign nature and proposes a

new direction in Kazakh toponymy studies. The research employs a set of methodological approaches, including data collection and systematization, descriptive, semantic, and etymological analysis. The results show that most toponyms of the Karatau region are closely associated with natural-geographical features, ethno-cultural cognition, and historical events. Through toponyms, the worldview, everyday life, spiritual values, and historical memory of the local population are reflected. The findings contribute to the development of theoretical issues in Kazakh toponymy, systematization of linguistic data, and expansion of semiotic methodology. The practical significance lies in the applicability of the results in linguistics, cultural studies, regional studies, and the teaching of onomastics in higher education institutions. In addition, the findings can be used in compiling toponymic dictionaries, cartographic materials, and preserving cultural heritage.

**Keywords:** Karatau region, toponym, geographical name, semiotics, sign, ethnocultural information, worldview, historical memory

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 25.02.2026.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.06.2026.*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Тлеубердиев Болатбек Мақұлбекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік тілді дамыту институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6285-5579>, e-mail: [tleuberdiev\\_bolatbek@mail.ru](mailto:tleuberdiev_bolatbek@mail.ru)

Ағабеков Олжас Мұсабекұлы – хат-хабар үшін автор, «8D02310 – Филология» білім беру бағдарламасының докторанты, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>, e-mail: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

Ибрагимов Жумағали Баянбайұлы – PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Түркістан, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9111-7586>, e-mail: [zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz](mailto:zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz)

Бияров Бердібек – филология ғылымдарының кандидаты, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің қауымдастырылған профессоры, Өскемен, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>, e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)

***Информация об авторах:***

Тлеубердиев Болатбек Мақұлбекович – доктор филологических наук, профессор, научный сотрудник Института развития государственного языка, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-6285-5579>, e-mail: [tleuberdiev\\_bolatbek@mail.ru](mailto:tleuberdiev_bolatbek@mail.ru)

Агабеков Олжас Мусабекович – автор для корреспонденции, докторант образовательной программы «8D02310 – Филология», Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, <https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>, e-mail: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

Ибрагимов Жумагали Баянбаевич – PhD, исполняющий обязанности доцента Международного казахско-турецкого университета имени Кожа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9111-7586>, e-mail: [zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz](mailto:zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz)

Бияров Бердибек – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Восточно-Казахстанского университета имени С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>, e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)

***Information about the authors:***

Tleuberdiev Bolatbek Makulbekovich – Doctor of Philology, Professor, Research Fellow at the Institute for the Development of the State Language, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6285-5579>, e-mail: [tleuberdiev\\_bolatbek@mail.ru](mailto:tleuberdiev_bolatbek@mail.ru)

Agabekov Olzhas Musabekovich – corresponding author, doctoral student of the educational program «8D02310 – Philology», South Kazakhstan University named after M. Auezov, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-2222-1736>, e-mail: [agabekov.oljas@mail.ru](mailto:agabekov.oljas@mail.ru)

Ibragimov Zhumagali Bayanbaiuly – PhD, Acting Associate Professor at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9111-7586>, e-mail: [zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz](mailto:zhumagali.ibragimov@ayu.edu.kz)

Biyarov Berdibek – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-9028-6836>, e-mail: [berdibek\\_biyar@mail.ru](mailto:berdibek_biyar@mail.ru)